



РЕДАКТОРДАН

Сауық-сайран мен шаттыққа толы күндері

Армысың, оқырман!

Жас кезінде жеңілтек болған классик былай деп жазады: «Сауық-сайран мен шаттыққа толы күндері / менің көңілді кештерден (бал) есім кететін еді». Ал, бал өткізу – сол дәуірдің белгісі. Қазір балдың орнын дискотекалар, түнгі клубтар, неше түрлі кештер және басқалар басты. Бұл туралы өзін «халықтық» деп атайтын радиодан белгілі әншінің: «Мен Ван-Гогтың да, Матистің де, Далидің де/ темекі шегіп, абсент ішкені/ және тағы біраз нәрсені жасай алатындығы туралы/ бір қызықты жайтты білдім» деген өлең жолдарын естіген кезде ойландым.

Әлем бұрын соңды болмаған жарқ-жұрқ еткен сан түрлі еліктіргіштерге толып кетті. Және осының бәрі әлі оңы мен солын тани қоймаған, жақсылық пен жамандықты ажырата алмайтын, эмпирикалық тұрғыдан өзінің жеке тұлғасын қалыптастыруға тырысып жүрген, өсіп келе жатқан жас адамның басына келіп түседі. Білім беру жүйесі қызмет көрсету саласына көбірек ұқсайтын, ал қоғамның жас ұрпақты мақсатты түрде тәрбиелеу міндеті толық іске асырылмаған, қазіргі заманның қыспағына түскен жастарға қазір оңай емес.

Халық саны 17 миллионды құрайтын біздің елде ресми түрде жастар санатына енгізілген 16-27 жас аралығындағы екі жарым миллионға жуық жастар бар. Екі мыңжылдықтың аралығында, алаңғасар тоқсаныншы жылдары және өте күрделі «нөлдік» жылдары дүниеге келген жастар бүгінде ересек өмірге қадам басатын өте маңызды да жауапты кезеңнің алдында тұр. Еліміздің ертеңгі болашағы – өсіп келе жатқан жас буынмен көп қырлы жұмыстың жаңа кезеңіне жол аша отырып, Елбасымыздың 2019 жылды Қазақстандағы Жастар жылы деп жариялауы бекер емес.

Жастар табы вокзалдағы сияқты келу-кету жағдайында үнемі жаңарып отырады: жыл сайын шамамен 250 мың жеткіншек жасөспірім жасқа жетеді, ал жасөспірімдердің дәл осындай саны ересектер қатарына өтеді. Мемлекеттің заңнамалық деңгейде жастар, білім беру саясаты, жастарға қатысты еңбек кодексі, басқа да маңызды құжаттары бар. Ал мұның сан түрлі, тез өзгеретін шындық жағдайында іс жүзінде қалай орындалатындығы, қалай жетілдірілетіндігі үлкен мәселе. Жастар жылы да белгілі бір деңгейде сол атаулы жылға сәйкес келуі тиіс. Орындардан алынған есептерге сүйенсек («СО» №3, 2019 осы тақырыптағы шолуды қараңыз), өткен айларда елімізде жаңа буын өкілдерінің өмірінің әр түрлі аспектілерін қамтитын көптеген іс-шаралар өткізілген. Бұл, бірінші кезекте, жалпы орта білімнен жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруге дейінгі білім беру саласы. Осы жылы өзін өте айқын және қызықты көрсетіп жатқан жастар шығармашылығын қоспағанда, өндіріс саласындағы, әлеуметтік институттар желісіндегі көрініс біршама қарапайым. Шынында да, жастардың бастамасына, өнеріне, қиялына күшті серпін берілді, егер бұл қарқын бәсеңдемей, уақыт өте келе күшейе түссе жақсы болар еді.

Қалай дегенмен де бұл қазіргі жастардың өміріндегі проблемалардың күрделілігі емес, бұл көбіне осы мәселенің сыртқы жағы ғана. Жастармен жұмыс жүргізу – бұл тек кештер ұйымдастыру, кездесулер өткізу, жатақханамен қамтамасыз ету, стартаптарды қолдау және т.б. ғана емес, жастарды сөзімен де, ісімен де өз Отанын сүйуге, өзіне қамқорлық жасағандай Отанына қамқорлық жасауға, мейлі ол жастардың ортасы немесе әр түрлі жастағы адамдардың ортасы болсын өзінің тағдырын, өзінің жеке тұлғасын қалыптастырып жатқан адамға қолайлы болатын кез келген ортада салауатты атмосфераны қалыптастыруға тәрбиелеу. Бұл міндет көрнекі ойын-сауықтарды, тұсаукесерлерді, байқауларды және т.б. ұйымдастыруға қарағанда әлдеқайда қиынырақ. Қазақстанның Тәуелсіздік алғанына шамамен 30 жылдай уақыт өтсе де, мұндай әрекеттер, формалар, әдістер белгілі бір деңгейде бейқамдық тұдырып отыр. Жастарды тәрбиелеудің өзіндік стилін, ойластырылған жүйесін әзірлейтін кез келді. Ал біз өз еркімізбен немесе еріксіз жастардың тұтынушылық психологиясына қолдау көрсетіп отырмыз. Айтпақшы, бұрын жастардың жасы 14-25 жас аралығында анықталатын, қазір ол екі жылға кейінге жылжыды, одан әрі не болады? Біздің балаларымыз мектепті кейінірек бітіріп, жұмысқа кешірек орналасады, отбасыны кештеу құрып, балаларды кешірек дүниеге әкеледі (егер балалы болатын болса). Ал NEET деп аталатын санаттағы адамдар (оқымайды, жұмыс жасамайды және ештеңені қаламайды) қайдан пайда болды? Мұны жанандық үрдіс дейді, бірақ одан ештеңе жеңілдеп жатқан жоқ. Міне, бізге осы бағытта мақсатты түрде жұмыс жасау керек. Және бұл бағыттағы жұмысты тек Жастар жылында ғана емес, үнемі жүргізіп отыру қажет. Күннен-күнге, жылдан-жылға тек нәтижеге жұмыс жасау керек.

Sic! Өткен жылдың тағы бір басты керемет жаңалығы бар! Жыл аяқталарды алдында тура елордадан қуанышты хабар келіп жетті: тағдырлары жүрегімізге үлкен үміт ұялатып, үнемі қамқорлық тұдыратын өсіп келе жатқан жас буынның, жастардың білімі мен тәрбиесі үшін жауапкершіліктің негізгі ауыртпалығы жүктелетін педагог-мұғалімнің мәртебесі туралы көптен күткен заң қабылданды.

Жаңа жылыңызбен, қымбатты оқырман! Жаңа бақытыңызбен!

Ольга Шаленко